

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ

Еліміздің территориясында пайда болып келген мемлекеттік құрылымдар - сонау сақ деуірінен басталатыны бүгінде тарихи дәлелденген шындық. Соның ішінде, қазақ халқының өз алдына этнос ретінде қалыптасуы және оның сол этнос атауымен мемлекеттілігі-хандығының пайда болуының XV ғасырдың екінші жартысының бас кезеңіне жататындығы және қай жерде құрылғандығы - XVI ғасырда Моғолыстанда өмір сүрген, заманның көрнекті қайраткері, ғұлама ғалым Мухаммед Хайдар Дулатидің "Тарих-и Рашиди" атты еңбегі арқылы белгілі. Аталған еңбекте "Сол заманда Әбілхайыр ханның Дешті қыпшақ даласында түгеддей билік жүргізіп тұрған кезі еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғолыстанға кетіп қалған еді. Есенбуға хан оларды құрметтеп қарсы алып, қоныстануға Моғолыстанның Батыс жағындағы Шу өзенінің алабындағы Қозыбасыны берді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілхайыр хан қайтыс болған соң, өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында үлкен келіспеушілік туды. Жұрттың көпшілігі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына кетіп қалады. Олардың саны екі жүз мың адамға жетті, оларды өзбек-қазақ деп атады. Қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 870 /1465-1466/ жылдан басталады" (1) - деп тарихи оқиға нақты берілген.

Қазақ хандығының құрылу себептері мен жылы - тарих ғылымында жеткілікті деңгейде зерттелген мәселе. Мәселенің екінші жағы - қай жерде құрылғандығы жөнінде осы ұсынылып отырған баяндама көлемінде талпыныс жасауға тырысып көрейік.

Өйткені қандайда болмасын елдің, мемлекеттің алғаш ту тігіп, бірлігінің бастау алған жері, халқы және оның ұрпақтары үшін қасиетті де киелі жер болып табылады. Сондықтан көтеріліп отырған мәселенің маңызы белгілі тарихи қызығушылықты туғызатыны даусыз. Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда "Тарих-и Рашидиде" алғаш Керей мен Жәнібектің Шу өзені алабында қоныс тепкен жері Қозыбасы деген жер қай жерде екендігін анықтауды нақтылау ғылыми терең талдауы қажет ететіндігі анық. Өкінішке орай, осы уақытқа дейінгі Қазақ хандығының құрылуы мәселесі жөніндегі зерттеулерде - бұл мәселе, тек Шу өзені алабындағы Қозыбасы деген жерден өрі аса қойған жоқ. Тек соңғы жылдары Мухаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде Мухаммед Хайдар Дулатидің 500 жылдығына байланысты өткен ғылыми конференция материалдары жинағында Қозыбасы деген жер Шу өзенінің жоғарғы ағысы бойындағы Қордай төңірегінде болуы керек деген болжам ғана жасалған (2).

Осы мәселе жөнінде, өзімнің бірнеше жыл бойы тарих мамандығы студенттеріне оқыған "Көшпелі қазақ қоғамы" атты арнаулы курсты даярлауда, оған материалдар іздестіру және көшпелілердің географиялық, табиғи климаттық жағдайға байланысты шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін талдап, жүйелеу барысында қалыптасқан пікірлерімді ортаға салып отырмын.

Шу өзенінің ұзындығы мың жарым километрдей. Солтүстік қырғыз жерінен бастау алатын бұл өзен қазіргі Жамбыл облысының шығыс жағын бойлай өтіп, Мойынқұм мен Бетбақ дала аралығы арқылы Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының солтүстігі бойымен Қызылорда облысы территориясына барып құмды жерге жайылып сіңіп кетеді. Екінші жағынан қарасақ, қазіргі кездегі Шу өзенінің суының мөлшер деңгейін оның XV ғасырдағы суының мөлшерімен салыстыруға келмейді. Өйткені, кенес дәуірі кезінде Қырғызстан жеріндегі Шу өзені ағып өтетін таулы аймақтарда гидросуэлектрстанциялары салынып, су тоспалары жасалынды. Өзен суын халық шаруашылығына тиімді пайдалану мақсатында ирригациялық жүйелер жасалынып, судың көп бөлігі суармалы жер шаруашылығына, техникалық дақылдар т. б. өсіруге кең пайдаланылады. Соның салдарынан өзен суының деңгейі елеулі мөлшерде кеміп, бұрынғы жазық далаға жайылып ағатын арнасы тарылып, өсімдіктер дүниесінің азайып, жазық даладағы шөптің шығымдылығының төмендеп, жердің құнарсыздануына алып келді.

XX ғасырдың бас кезіндегі, табиғат тепе-теңдігінің сақталуы кезіндегі Шу өңірінде шаруашылық мәні жөнінде халқымыздың аяулы азаматтарының бірі, көрнекті ақын, қоғам қайраткері Сөкен Сейфулин Колчактың азап вагонынан қашып шығып Шу өзені арқылы Әулиеатаға барған сапары туралы өзінің "Тар жол тайғақ кешу" атты тарихи -мемуарлық шығармасында қазақтың Орта және Кіші жуз руларының Арқа жерінен, Алатау баурайын жайлайтын Ұлы жүз руларының ауылдарының Шу бойына көшіп қыстайтындығын айтады. Сонымен бірге, осы еңбекте, автор Шу өзенінің тіпті қыс кезінің езінде де суының молдығын "мұздың астындағы су терең. Өзеннің ені тіпті жалпақ. Биік-биік нар қамыс. Ту қамыстардың жуандықтары жуан таяқтай, білектей" деген мәліметтер береді (3).

Тарихшылар В.В. Востров, М.С. Мұқановтар "Родоплеменной состав и расселение казахов" деген еңбегінде XIX ғасырдың аяғында, XX бас кезінде Сырдария облысының Әулиеата және Шымкент уездері, Ақмола облысының Ақмола, Атбасар уездері қазақтарының көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ауылдарының Шу өзенінің орта және төменгі алқабын қыстайтындығы туралы ғылыми деректерге негізделген мәліметтер береді (4).

Бұл алып отырған деректеріміз XX ғасырдың бас кезі, яғни, негізінен мал шаруашылығымен айналысатын қазақ қоғамының өміріне Ресейдің отарлау саясатымен бірге келген буржуазиялық қатынастардың көшпелілер өміріне елеулі өзгерістер енгізіп, қазақтардың шаруашылығына капитализм элементтерінің енуіне байланысты отырықшылықтың күшейе бастаған кезі болатын. Ал ерте кезден XV ғасырдың ортасына дейінгі, қазақ хандығының құрылуы кезінде шаруашылықтың көшпелілікке негізделгенін ескерсек, сол кездерде Шу өзенінің орта және төменгі алқаптарында қыстауға көшіп келетін көшпелі тайпалар саны М. Дулати еңбегінде көрсеткендей, 200 мың адамнан аспаса кем болмауы мүмкін. Осы мәселелерден шыға отырып Керей мен Жөнібектің кешіп келген Қозыбасы деген жер қайда және бұл жердің атауы немен байланысты? Әдетте қазақтар жер атауларын, көп жағдайда, адамдар есімімен емес, табиғи климаттық жағдайымен, шаруашылық өмірмен байланысты қоятыны белгілі. Сондықтан Қозыбасы деген атау көшпелі тайпалардың шаруашылық өмірімен байланысты болуы керек. Жоғарыда көрсеткендей Шу алабында көптеген тайпалардың қыстап шығуы, бұл жердің мал үшін қысқы жайылымға қолайлылығымен байланыстылығында болса керек.

Көктемгі және жаз айларының бас кезіндегі су тасқыны нәтижесінде Шу өзенінің Бетпақдала мен Мойынқум аралығындағы жазық даланы басып, кең жайыла ағуы, кейін бұл жерлерде шөптің мол шығуына мүмкіндік береді. Сөйтіп қысқа жақсы жайылымның мол қоры жасалады, Сонымен бірге бұл жерге қардың аз мөлшерде жауатынын ескерсек, Шу өзенінің орта және төменгі алқабы өзінің географиялық орналасу жағынан да мал қыстатуға жан жақтан келетін тайпалар үшін ең қолайлы жер болып табылады. Ал қыстаудан көктеуге көшудің шаруашылық механизмі тарихшы Н. Масанов зерттеулерінде төмендегідей көрсетіледі. Ерте көктемде ауаның температурасы 0-ден 5-градусқа дейін кетеріліп, қар еру басталған кезде көшпелі ауылдар келесі қысқа қажетті шығатын шөптің шығымдылығын дұрыс қамтамасыз ету үшін малды қысқы жайылымнан тысқары жерлерге жаюға тырысады. Әлі жас шөп шығып үлгермеген, ал ескісін мал жеп тауысқан кезде шаруашылық ауылдардағы үйлер малдарын жекелеп бөліп, олардың санын 50-70-ке дейін кемітіп, күзден қалған жайылымдардағы ескі шөпке жайып қыстаулар теңірегінен алысқа ұзай қоймады. Ауа температурасы 5 градустан асқан соң, жас шөптің қаулай шығуы басталуымен қайтадан жекелеген ауылдарға шаруашылықтардың бірігуі басталып, көшу қайтадан жанданады. Бірақ бұл процесс малдың жаппай төлдеуінің басталуымен іркілуге мәжбүр болады (5).

Жоғарыдағы көрсетілген мәселелерден шыға отырып Қозыбасы деген жер ерте көктеу мерзімі болуы керек деген тұжырым жасауға болады. Біріншіден, атаудың өзі мадың алғашқы төлдеуі - қой қоздауының басталуы деген мағынаны білдіреді. Екіншіден, көктеудегі мал қоздауының басталуы қыстаудан тым алыс болмауын меңзейді. Яғни, көктеуге шыққан кезбен сәйкес келеді.

Келесі мәселе - Шу алабына Керей мен Жәнібектің кешіп келуі қай жақтан, қай мезгіл екендігі және қалай келгендігі. Әбілқайыр ханның билік құрған кездегі орталығы - тарихи деректерден белгілі Сығанақ қаласы. Сондықтан Керей мен Жәнібек көшіп келген жағы Сыр өзенінің бойы немесе Қаратаудың төңірегі болуы керек. Жоғарыда аталған жақтан Шу бойына көшу көктемде, жазда немесе қыс кезінде мүмкін емес. Өйткені жаздың аптап ыстығында немесе көктемде Шу бойына көшу: біріншіден, Қаратудың теріскейі арқылы сусыз шөл даламен өту керек. Екіншіден, Шу бойына көктемде немесе жазда көшу мал шаруашылығын жүргізуге қолайсыз екендігі белгілі. Көштің Шу бағытына қарай шаруашылық жағынан тиімді уақыты - күз мезгілі. Өйткені көшпелілердің ғасырлар бойы қалыптасқан мал қыстатуға қолайлы жайылымы - Шу өзенінің орта және төменгі алқабы. Керей мен Жәнібек көшіп келген кезде бұл алқапта, деректе көрсетілгендей, 200 мың адамның жан-жақтан қысқа қарай көшіп келіп шоғырлануы көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің дәстүрлі жүйесіменен қисынға келеді. Сондықтан, Қазақстан тарихының орта ғасырлық кезеңінің білгір маманы - ғалым К. А. Пищулинаның "Қазақ хандығының пайда болуы және құрылуы Керей мен Жәнібектің ауа көшуі емес, орта ғасырлық кезеңдегі Қазақстанның тұрғындарының шаруашылық, өлеуметтік және саяси дамуы барысы, сонымен бірге, қазақтардың этникалық тарихы дамуы нәтижесі" (6) - деген пікірі ғылыми маңыздылығы жағынан біз қарастырып отырған мәселе жөнінде өте құптарлық.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерден шығатын қорытынды: Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханның қол астынан, өздеріне қарасты ауылдарымен Шу бойындағы дәстүрлі мал қыстатуға қолайлы жерлерге күзге салым уақытқа көшкендігі. Осы мезгілде жан-жақтан, басқа да, бұрыннан бұл жерлерді өздерінің ұдайы қысқы жайылымы ретінде пайдаланып келген кептеген тайпа-рулар көшіп келіп, шоғырлануы шаруашылық жағынан заңды құбылыс. Осындай кезеңде, яғни күздеу, қыстау немесе көктеу кезінде елдің Шу өзені орта және төменгі алқабының бойында топтасуы жағдайында ру-тайпалар арасында үнемі туындап отыратын даулы мәселе - жайылымды бөлісуде тайпалар арасындағы осы мәселені ымыраға келтіретін хандық биліктің пайда болуының себебінің бірі шаруашылық жағдайға байланысты болуы керек. Ал Қозыбасы деп аталатын жер Шу өзенінің орта және төменгі алқабының төңірегіндегі малды көктеуде жаятын, төлдеудің басталатын жері болуы тиіс. Әрине, бұл мәселе өлі де жан-жақты терең зерттеуді қажет ететіні анық. Өйткені, Қозыбасы деген жерді нақты Шу өзенінің оң немесе сол жақ жағалауы деп тұжырым жасау мүмкіндігі шектеулі. Сондықтан, қазақ тайпаларының сол замандағы шаруашылық өмірінен шыға отырып, Қозыбасы деген жердің Шу өзенінің орта немесе төменгі алқабы төңірегі болуы керек деп жалпылама тұжырым ғана жасауға болады.

**З.С. Сламбеков,
І.Жансүгіров атындағы ЖМУ (Талдықорған)**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Алматы, 2003.- 110 б.
2. М.Х. Дулатидің 500 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары. Тараз, 1999.- 31-46 б, 125, 135-143 б.
3. Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. Алматы, 1977.- 377 б.
4. Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968. с. 152-153, 157.
5. Масанов Н.Е. Особенности функционирования традиционного кочевого хозяйства казахов. /Культура и история Центральной Азии и Казахстана: Проблемы и перспективы исследования/ Алматы, 1997. с. 11.
6. Пищулина К.А. "Юго-Восточный Казахстан в середине XV - начале XVI вв". /Вопросы политической и социально-экономической истории/. Алма-Ата, 1977. С. 250-251.